

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылу барысы.**

Мектеп – жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі ошағы. Білім берумен қатар, оқушының тұлғалық дамуы мен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ететін біртұтас тәрбие жүйесінің ролі зор. Бұл жүйе бірнеше жыл қатарымен мектебіміздің оқу-тәрбие процесіндегі барлық бағыттардың үйлесімді жүргізілуіне септігін тигізді. 2025-2026 оқу жылының тәрбие жұмысының жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығын негізге ала отырып, құрылып, бекітілді. Бағдарламаның негізгі тетігін жүзеге асыру үшін – күнделікті, апта және ай сайын жүйелі іске асырылатын қадамдармен айқындалды. Мысалы, білім алушылардың үзіліс кезіндегі бос уақытын асық, тоғызқұмалақ, бес тас ойнату арқылы ұйымдастыру, ал қоңырау орнына күй ойнату – мәдени мұраны сезінуге жол ашуда. «Үнемді тұтыну» жөніндегі күнделікті жаднамалар білім алушылардың экологиялық мәдениетін дамытуда. Ал «Өнегелі 15 минут» – ата-аналар мен бала арасындағы байланысты нығайтып, тәрбиелік мәні бар құндылықтарды қалыптастыруға ықпалын тигізуде. Әр оқу аптасын Әнұранмен бастау – тәуелсіздік пен отаншылдық рухын бекемдей түсуде.

Апта дәйексөздері білім алушыларды нақты құндылықтарға үндеп, сабақтан тыс уақыттағы әрекетін соған сәйкес бағдарланды.















Әр оқу жылы сайын сынып жетекшілер бірлестігінің отырысында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен таныстырып, талқыланып, 1-11 сыныптарда сынып сағаттары жыл көлемінде отыз төрт сағатпен, қырық үш сыныптан тыс жұмыспен, алты жобамен іске асырылды. Сондай-ақ әр сынып сағатының 10 минуты білім алушылардың жеке қауіпсіздігіне арналып, «Қауіпсіздік сабақтары» аясында техногендік және табиғи апаттардан, интернет пен басқа да денсаулыққа төнетін қатерлерден қорғану дағдыларын дамытуда. Ай сайын зиянды әдеттердің алдын алу шаралары іске асырылды.











Білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары, яғни әлеуметтік жобаларды («Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala», «Балалар кітапханасы») жүзеге асырудағы жетістіктер мен қиындықтар немесе кедергілерді анықтау мақсатында, жыл көлемінде домбырашылар челленджі, «Әншуақ», «Досбол LIKE», «Ақындар айтысы», «Пікірталас турнирлері», «Мектеп парламентінің президентін сайлау» және «KiVa» бағдарламасының 1, 5 және 7-сыныптарға арналған үш модулінен тұратын жүйесі бойынша жұмыстар жалғасын тапты.

Білім беру ұйымында білім алушылардың танымдық мәселелерін шешу және жаңа білімді меңгеру бағытындағы тәрбие жұмысы олардың ізденушілік қабілеттерін дамытуға, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруға және шығармашылық әлеуетін іске асыруға бағытталған, яғни ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті зерттеу арқылы оқушылар өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрметтерін арттырып, ұлттық сана-сезімді, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға, әділдік пен толеранттылық секілді моральдық ұстанымдар арқылы дүниетанымдарын кеңейтіп, қоғамдағы үйлесімділік пен бейбітшілікті сақтауға өз үлесін қосуда.

«АРТ-студия», домбыра, қолөнер, жас тілші, жас сахна, көркемдік-эстетикалық бағыттағы үйірмелер оқушылардың жан-жақты өнермен байытып, олардың үйлесімді дамуына ықпал етуде. Бұл бағытты қамтитын үйірмелер нақты шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Моншақ тоқу, бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, шешендік өнер, көркемсөз өнері, бейне-фото монтаж, аспаздық сияқты өнер үйірмелер оқушының жеке басын қалыптастыруда шешуші рөл атқарып оның шығармашылық әлеуетін, өзін-өзі көрсету, дамыту қабілеттерін ашуда. Олар жаңа дағдыларды игеріп қоймай, ой-өрісін кеңейтуге, ұжымда жұмыс істеуге, әр түрлі өнер түрлері арқылы өз сезімдері мен ойларын білдіруге ерекше мүмкіндік беруде.







Аты-жөні	Халықаралық 2025-26	Республикалық 2025-26	Облыстық 2025-26	Аудандық 2025-26
Ш.Ж.Искакова		Сертификат «IQmix» республикалық зияткерлік онлайн - марафонының қатысушысы А.Ергожа, С.Амангелді	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған «Өнер - халық қазынасы»	«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының

			<p>атты облыстық байқауы.Ш.Ж.Искакова Диплом.Лауреат</p>  <p>М Л Ы</p> <p>Республикалық көрме - байқауының облыстық кезеңінде Балташ Амира III орын.Дәуренбай Айым сертификат ал жетекшісі Ш.Ж.Искакова алғыс хатпен марапатталды</p>   	<p>Республикалық көрме – байқауында Балташ Амира. Дәуренбай Айым I орын.</p>   <p>Есенгелді Айдана 8 сынып "Ең ұлтқ" ұжымының мүшесі I орын және қаржылай сыйлық 30.000 тт</p> 
<p>Н.Е.Жанғожин</p>		<p>Оқу ағарту министрлігінің № 514 бұйрығына сүйене «Атамұра» республикалық ғылыми -әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Бояулар» құпиясы байқауында М.Дүйсембай, М.Қайырбек «Бас жүлде»</p>  		<p>«Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының Республикалық көрме – байқауында Қайсарбек Максат, Дүйсембай Мирас II және III орын.</p>  
<p>Н.Ж.Сапарова</p>		<p>«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен өткен III Республикалық «Қыс ғажайыптары» атты сурет және қол өнер байқауында I дәрежелі дилом А.Дыбысова, А.Рамазан, Тұрсынжан Таннұр</p>  		<p>«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының Республикалық көрме – байқауында Амантай Жансая II орын</p>



		 <p>«Шабьт» атты шығармашылық байқауының жеңімпазы Тұрсынжан Таннұр I дәрежелі диплом.</p> 		
К.А.Шарипова		<p>«Жас музыканттар» республикалық фестиваль – конкурс Диплом II орын А.Жолдыбек</p> 		
Б.Н.Әшімбек			<p>«Robotek Grand Tournament-2026» чемпионатының облыстық іріктеу кезеңінде» Инверттік сызық санаты бойынша II орын. А.Мейрамбекұлы, Булат Алихан</p>  	<p>«Robotek Grand Tournament» аудандық байқауында «Роботек категориясы» бойынша А.Русланов және С.Алтай I орын. «Robotek Grand Tournament» аудандық байқауында «Инверттік сызық бойымен жарыс категориясы» бойынша А.Мейрамбек және А.Булат I орын.</p>  
А.С.Қусакаева		<p>Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының өткізген III Республикалық «Қыс ғажапайыптары» сурет және колөнер байқауына қатыстырып, I дәрежелі дипломмен Камалов Радмир, Тәуекел Інжу, Есенова Адия, Тұрғанжан Бауыржан, Камалова Юльгиза, Жандарбек Бейбарыс марапатталды.</p>  		

Өскелең ұрпақ бойына отансүйгіштік сезімін, азаматтық-патриоттық жауапкершілікті, адалдық пен батылдық қасиеттерін дарыту мақсатында мектебімізде бірнеше жыл қатарымен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клуб құрылып, өз жұмысын жалғастыруда. «Жас сарбаз» ӘПК курсының жұмыс жоспарлары, мақсат, міндеттері мен құқықтары, жарғысы бар.

Азаматтық пен патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі де бар.

Аудан		Жетекшісі
2025-2026 оқу жылы		
	Аудандық «Намыс» спартакиадасының шеңберіндегі жалпы білім беретін мектептер арасындағы оқушы ұлдар қысқы әскерилендірілген көпсайыс «Қалқан» жарысында жеке сынақта III орын Қайыргельдинов Расул	Б.Е.Тасенов
	«Ұлы Жеңіске 80 жыл» толуына орай «Намыс» Спартакиадасы «Жас Ұлан» аудандық әскери-спорттық конкурсында оқжатарды оқтармен жасақтауда Искакова Зарина III орын.Мадақтама.	
		«Ұлы Жеңіске 80 жыл» толуына орай «Намыс» Спартакиадасы. «Жас Ұлан» аудандық әскери-спорттық конкурсында сап және ән байқауында командалық I орын,әскерилендірілген эстафетада II орын.Мадақтама
	Ұлы жеңіске 80 жылдығына және Отан қорғаушылар күніне арналған әскери -патриоттық ән мен саппен жүруде жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында аудандық байқауда мектеп командасы I орын.Мадақтама	
	Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күніне орай,жасатарлы әскери – патриоттық тәрбиелеу бағыттындағы қызметті жоғары деңгейде ұйымдастырып,міндеттерді сапалы орындағаны үшін Б.Е.Тасенов мадақтама иеленді.	

### Облыс

	Белсенді балаларды марапаттау туралы. 10.09.2025 жыл. Бұйрық №22 Өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру,заңға деген жауапкершілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу,құқықтық тәртіпті сақтауға ұмтылу,сондай-ақ құрдастарының арасында заңға бағынатын мінез-құлықты насихаттауға жеке үлесі мақсатында Ақмола облысы ұландарының ішкі істер және ұлт органдары ардагерлерінің Кеңесі қаулы етті: Марапаттау "Ардагерлер қоғамына қосқан үлесі үшін" қоғамдық медалімен:Бірімжан Исхан, Өнер Айдын, Серік Айзере,Темірболат Рамазан,Сексембай Әмина марапатталды.	
--	---	---

Бұл клуб өзін-өзі басқару принципіне негізделетін ерікті бірлестік болып табылады.Жыл сайын ұйымға мектептің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысатын оқушылар қабылданып,аудан,облыс,республика көлемінде өз нәтижелерін көрсетуге.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» ұйымының жетекшісі аға тәлімгер. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқушы (мектеп) өзін-өзі басқарудың бірыңғай модельне сәйкес он фракциямен,ал «Жас Ұлан» бірыңғай жасөспірімдер ұйымы жеті бағыт бойынша өз жұмысын жалғастырды.Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық,біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық,беріктік,Отан тарихына,Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында,мектеп бойынша ұйымдардың жұмыс жоспарлары құрылып,жыл көлемінде ұйымға қабылданатын оқушылар тізімі анықталып,жаңа оқу жылында ұйымның құрамы жаңартылып,жаңадан жетекшілері мен серіктестері тағайындалды.

Аудан	Облыс	Жетекшісі
-------	-------	-----------

«Жас Ұстаз- жаңашылдықтың,  
жанашыры» форумы



Әміржан Әдия Зеренді ауданы мектеп  
оқушылары және балалар қоғамдық  
ұйымдарының өзін-өзі басқару  
көшбасшылары  
арасындағы «Мен –  
елімнің ертеңімін!»  
облыстық форумы

М.Ж.Мажитова

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Өрлеу»БАҰО»АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша ҚДИ «Мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуының мектепшілік жүйесі: заманауи тәжірибені енгізу» атты республикалық әдістемелік ұсынбаға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.М.Кенжинаның тәжірибесі енгізілді.

Облыс

Ақмола облысы жалпы білім беру мектептерінің оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы аясында өткізілетін облыстық «Жастар» спартакиадасын өткізуге және ұлттық спорт түрлерін дамытуға зор үлес қосқаны үшін Құрмет грамотасы.



Алғыс хат  
Біржан Айдын



Облыстық «Сақтаймыз және көбейтеміз!» жасыл науқанының»  
Ең жасыл мектеп» номинациясында III орын










Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, туған жерге, елге, мектебіне деген патриоттық сезімдерді қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар оқу жылы көлемінде ұйымдастырылды. Атап айтсақ, 1-11 сыныптарда «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында алғашқы сынып сағаттары өткізіліп, әлеуметтік желілерде «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджі аясында 1-2 минуттық бейнероликтер орналастырылып, сынып сағаттары мен сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды.

Жобалар

«Үшқыр ой алаңы» бағыты бойынша дебаттар мен зияткерлік ойындар өткізіліп, оқушылардың ой-өрісі мен шешендік қабілеті дамуда. Сонымен қатар, түрлі челленждер арқылы балалардың белсенділігі мен шығармашылық ізденістері қолдау табуда. Мектеп оқушыларының азаматтық жауапкершілігін арттыру мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған «Дебаттық қозғалыс» жалпы ұлттық жобасы, бірнеше жыл қатарымен қазақ тілі мұғалімі Г.Б.Доспаеваның жетекшілігімен жүзеге асырылуда. Жоба оқушыларға пікірталас жүргізу арқылы коммуникативті дағдыларды жетілдіру, қоғамдық мәселелерді талқылау, логикалық ойлау мен дәлелдемелер келтіру қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, шығармашылық пен аналитикалық ойлауды дамытуға өз ықпалын тигізуде. Соның нәтижесінде, аудан көлемінде ұйымдастырылған пікірталастарда оқушыларымыз жүлделі орындар қатарынан көрініп, грамота, сертификаттар, ал жетекшісі Г.Б.Доспаева алғыс хаттар иеленуде.





2025-2026 оқу жылында 40 оқушы қатысты. Жыл сайын оқушылардың саны артып, жобаны қызығушылықтар артып келетінін байқауға болады.

Аудан	Облыс	Жетекшісі
<p>Қазақстан Республикасы күніне арналған пікір-сайыс үйірмелері арасындағы аудандық дебат турнирінің қазақ лигасы бойынша III орын иегерлері А.Темірболат, Ж.Сайпидин Орыс лигасы бойынша 10 сынып оқушылары М.Ергали, А.Әміржан I орын иеленді</p>  	<p>Бурабай ауданының бөлім бөлімі және «Арман» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығымен ұйымдастырылып отырған оқушылар арасындағы аймақтық пікірсайыс турнирі «Голоса перемен»</p>   <p>Алғыс хат Г.К.Қарабатырова</p>	<p>Г.Б.Доспаева Г.К.Қарабатырова</p>

<p>Қазақстан Республикасындағы Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған</p>   <p>тұжырымдамасын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған « Өнерлі өрге жүзер» атты аудандық байқауы А.Габбасова I орын.Диплом.</p>		<p>А.С.Балтабаева</p>
---	--	-----------------------

**Қамқор жобасы** аясында «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет қайырымдылыққа негізделген маңызды шаралар ұйымдастырылды. "Қарияларға қамқорлық жасаймыз!" шарасы жастардың үлкендерге деген жауапкершілігін арттыруға бағытталып, қамқорлықты насихаттау мақсатында өткізілді.

Мектебімізде еріктілер клубы да жыл көлемінде жақсы жұмыс атқарды. Соның нәтижесінде, «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы бойынша 5-ші сынып жетекшісі Батыр Жанбота аудан әкімінің, аға тәлімгер М.Ж.Мажитова Ақмола облысы «Жастар ресурстық орталығы» МКМ, ал 8 «б» сынып оқушылары З.Смагулова, Ж.Балтабек, А.Жасұлан, Н.Қажығали Зеренді ауданының Жастар ресурстық орталығы алғыс хаттарымен марапатталды.

Аудан	Облыс	Жетекшісі
 <p>«Ашық жүрек» атты қайырымдылық аукционы Алғыс хат.</p> <p>Зеренді аудандық «Жастар ресурстық орталығы» 8 «б» сынып оқушылары З.Смагулова, Ж.Балтабек, А.Жасұлан Н.Қажығали</p>	<p>Ақмола облысы «Жастар ресурстық орталығы» МКМ</p> 	<p>М.Ж.Мажитова</p>
 <p>З.Смагулова, Ж.Балтабек «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар форумына қатысып Алғыс хат иеленді.</p>		
 <p>Аудандық маслихаттың төрағасы Р.К.Ғабдуллина Zerenda Naif Marafhon белсенді қатысқан А.Наурызов сертификатпен марапатталды.</p>		
 <p>«Балқадіша аруы -2026» байқауы. Мұрат Медина I орын және сертификат 60.000 тг</p>		

		<p>«Бүгін жас – ертеңгі көшбасшы» атты аудандық форум. Аудан әкімінің алғыс хаты</p>	<p>Батыр Жанбота</p>
--	--	--	----------------------

«Еңбегі адал — жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Сынып оқушылары мен ата-аналар белсене ат салысып, түрлі қолдан жасалған бұйымдар, тәтті тағамдар мен күзгі өнімдер ұсынды. Шараның мақсаты – оқушыларды еңбексүйгіштікке, бірлікке және мейірімділікке тәрбиелеу болды.



<p>Мектепшілік</p> <p>«Күзгі асар» байқауында I орын Г.Есенгелді, А.Қайрат, А.Дулан, II орын А.Мусина, Д.Қайыргелді, Аль Мансур Галиоллаев, III орын Д.Хаиырболды, А.Молдабаева, А.Мукатаева, А.Біржан, А.Дыбысова, М.Мұратхан</p>	<p>Жетекшісі</p> <p>М.Б.Зиятфина Г.А.Өмірбекова А.О.Қошанова Г.М.Калибаева Ж.С.Абдрахманова К.М.Мухамеджанова</p>
--	---

«Шабыт» жобасының аясында өткен «Даналық ұстаздан» челленджі ерекше әсер қалдырды. Оқушылар өз ұстаздарының өнегелі сөздерін, өмірлік кеңестерін бөлісіп, ұстазға деген алғыс сезімдерін білдірді. Шара барысында көптеген жүрекжарды бейнежазбалар түсіріліп, әлеуметтік желілерде таралды. Бұл челлендж жас буынға ұстаздың еңбегін құрметтеуді, даналық сөзден тәлім аруды үйретті.

<p>Аудан</p> <p>«Шешендік өнер» байқауының 13-15 жас санаты бойынша Темірболат Арсен II орын.</p> <p>16-18 жас санаты бойынша Кальжан Ақерке II орын.</p>	<p>Облыстық</p> <p>Облыстық “Театрдың гажайып әлемі” байқауында “Жас сахна” ұжымы «Бас жүлде» және «Үздік актерлік образды сомдау» номинациясын - Думан Аян иеленді. Республикалық кезеңде облыстың намысын қорғауға жолдама алды.</p>	<p>Халықаралық</p> <p>Алматы қаласында өткен IV Халықаралық балалар театрының «АЛҒА ЖЕТІСТІККЕ – 2026» байқау-фестивалінде I орын</p>	<p>Жетекшісі</p>
<p>Аудандық «Кәсіподақ жұлдыздары» атты екі жұлдыз байқауында Д.М.Кенжина, Е.С.Манапова I орын иеленді. Диплом. Құнды сыйлық</p> <p>Ұстаз мен зейнеткерлер арасында өткен «Екі жұлдыз»</p>			<p>Манапова Еркегуль Саматовна</p>

<p>ән байқауында А.С.Садыкова,Е.С.Манапова Порын иеленді.Диплом.Құнды сыйлық</p>			
--	--	--	--


Жаңашылдық пен инновацияны дамытуға бағытталған «Smart Bala» жобасы аясында білім алушылар аудандық және облыстық деңгейдегі ғылыми жобаларға белсенді қатысып жүзделі орындар қатарынан көрінуде.

Облыс	Жетекшісі
<p>Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңде 9 сынып оқушысы Ерғали Мадина I орын 8 сынып оқушысы Есімбек Аян экология және қоршаған орта бағытында "Мүк батареялары табиғи энергия көзі ретінде" тақырыбы бойынша II орын.</p>  	<p>А.М.Ескен Батыр Жанбота</p>

«Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру кезеңінде оқырман формулярларының саны мен оқылған әдебиеттер көлемінде айтарлықтай өсім байқалды. Бұл тек статистикалық көрсеткіш емес, мектептегі оқу мәдениетінің сапалық трансформациясының нәтижесі.

• **Оқырман белсенділігінің артуына ықпал еткен негізгі факторлар: Кітапханалық ортаның жаңартылуы:** Мектеп кітапханасы дәстүрлі форматтан заманауи ыңғайлы жиһаздармен

жабдықталған, еркін оқу аймақтары мен шығармашылық алаңдар оқушылардың кітапханаға келу жиілігін 70 %-ға арттырды.



• **«Smart Bala» және цифрлық интеграция:** Оқушылардың қызығушылығын ояту үшін мектеп қабырғаларында және инстаграмм парақшасында (**m.gabdullin3**) электронды кітаптарға жылдам өтуге мүмкіндік беретін **QR-кодтар** орналастырылды. Бұл әдіс классикалық әдебиетті цифрлық форматта оқуға мүмкіндік беріп, оқырман санын еселеді.

• **«Балалар кітапханасы» және Буккроссинг:** Мектеп дәліздерінде «Кітаппен сырласу» бұрыштары ашылып, оқушылар арасында еркін кітап алмасу (буккроссинг) үрдісі жолға қойылды. Бұл кітаптың балаға қолжетімділігін (физикалық және психологиялық) арттырды.

<https://www.instagram.com/reel/DXwzERHzC5F/?igsh=MWZqcnM0ZGhpeHVwNg==>

• **Интерактивті жобалар мен байқаулар:** «Ең көп оқитын сынып», «Апта кітабы», «Кітап кейіпкері біздің арамызда», «Ұлттық кітап» сияқты байқаулардың тұрақты өткізілуі оқушылар арасында оң бәсекелестік тудырды. Оқылған әр кітап бойынша «Ұшқыр ой алаңында» талқылаулар ұйымдастырылып, оқушылардың талдау жасау дағдылары дамыды. (Сілтеме: <https://www.instagram.com/reel/DXeBwkuAtfC/?igsh=czk0bmJ0ZnpudXpu>)

• **Отбасылық оқу дәстүрі: Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығымен** бірлесіп «Әжелер аңыз оқиды», «Аналардың ертегілер әлемі» атты кештер ұйымдастырылды. Отбасылық оқу мәдениетінің жандануы оқырман формулярларының жаппай толығына әкелді.



• **Сандық және сапалық нәтижелер:**

• Жоба басталғаннан бері оқырман белсенділігі 80%-ға өсіп, кітап қорының айналымы (көркем әдебиет бойынша) екі есеге артты.

• Оқушылардың сөздік қоры байып, ойлау қабілеті ұпғала түсті. Ең бастысы «кітап оқу - мәдениеттің істен» оқушының шабыт алатын күнделікті қажеттілігіне айналды.

**Түйін:** Бұл жұмыстар мектептің «Адал азамат» тәрбиелеудегі рухани-интеллектуалды іргетасын нығайтты.

**Ата -аналар педагогикалық қолдау орталығы.**

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметі оқушылардың, ата-аналардың және педагогтердің өзара ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған жүйелі әрі кешенді жұмыс ретінде жоғары деңгейде ұйымдастырылды. 6–9 сынып оқушыларымен жүргізілген бірінші модуль «Ішкі күш» тренингтік бағдарламасы негізінде оқушылардың тұлғалық әлеуетін арттырып, ата-аналармен өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл модуль аясында баланың өзін-өзі тануы, эмоциялық тұрақтылығы мен ішкі ресурстарын дамытуға ерекше назар аударылып, оң нәтижелер байқалды. 1–11 сынып оқушыларына арналған екінші модуль «Бала қауіпсіздігі» тренингтік бағдарламасы шеңберінде оқушылар мен ата-аналарға қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бағытында мазмұнды әрі тиімді бірлескен жұмыстар жүргізілді. Аталған модульде физикалық, психологиялық және цифрлық қауіпсіздік мәселелері жан-жақты қамтылып, ата-аналардың жауапкершілігі мен хабардарлығы артты. Үшінші модуль «Өркендеу жолындағы серіктестік» даму үшін әріптестік қағидатына негізделіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен тығыз әрі нәтижелі өзара әрекет орнатуға бағытталды. Бұл бағыттағы жұмыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеріп, баланың жеке даму мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етті. Барлық модульдерде ата-ана мен мектеп арасындағы серіктестік қатынас басты құндылық ретінде қарастырылып, өзара қолдау мен сенім нығая түсті. Жүргізілген іс-шаралар ата-аналардың белсенділігін арттырып, білім беру үдерісіне саналы қатысуына жағдай жасады. Нәтижесінде, бала тұлғасының үйлесімді дамуына қолайлы орта қалыптасып, отбасы мен білім беру ұйымының бірлескен жауапкершілігі едәуір күшейді.